



МЕНЕДЖМЕНТТИҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

«Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ басшылығы авиациялық қауіпсіздіктің, ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығының халықаралық және ұлттық авиациялық стандарттарына, авиакомпанияларға, жүк клиентурасына, акционерлерге және басқа да коммерциялық серіктестерге қызмет көрсетудің келісілген стандарттарына жауап беретін сапалы қызметтерді ұсыну арқылы тану мен тек қана оң беделге ие болуды менеджменттің интеграцияланған жүйесі саласындағы саясат ретінде қарайды.

Менеджменттің интеграцияланған жүйесі саласындағы саясат мынадай қағидаттарды сақтауға негізделеді:

- жүйелі және үдерістік тәсіл негізінде қызметті жетілдіру, сенімді ақпарат және тәуекелдерді талдау негізінде басқарушылық шешімдер қабылдау;
- сапа, қоршаған орта, денсаулық пен қауіпсіздікті басқару, клиенттерге қызмет көрсету және клиенттердің шағымдарын басқару жүйесі аясында нормативтік-құқықтық талаптарды сақтау;
- ұйым қызметіндегі кемшіліктер анықталған кезде белгіленген мерзімде түзету және алдын алу іс-әрекеттерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- ұйым қызметіне қызметкерлердің адал және шығармашылық әлеуетін тарту үшін материалдық ынталандыру шаралары;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы тұрақты мәдениет пен әрбір қызметкердің жоғары кәсіби деңгейін ұстап тұру;
- Корпоративтік мінез-құлық кодексінде жарияланған этикалық стандарттарды ілгерілету және олардың сақталуын қамтамасыз ету;
- ұйымдастырушылық мәдениет шеңберінде бағдарланған ойлау тәуекелін қалыптастыру;
- зиянды және қауіпті факторлардың қызметкерлер мен мүдделі тараптардың өмірі мен денсаулығына әсерін азайту;
- экологиялық көрсеткіштердің тұрақты мониторингін қоса алғанда, оларды кейіннен жақсарта отырып, қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту;
- энергия үнемдеу әлеуетін анықтаудың тұрақты мониторингін қоса алғанда, энергетикалық ресурстарды тұтынудың үлестік көлемін қысқарту;
- ықтимал инциденттердің алдын алу және тез әрекет етуге дайындығын қамтамасыз ету мақсатында талдау және болжау;
- клиенттердің шағымдарын басқарудың тәуелсіз және тиімді жүйесін олардың қайталануын болдырмау және жақсарту процесін ынталандыру үшін жүзеге асыру;
- талдау арқылы менеджменттің интеграцияланған жүйесін үнемі жақсарту: процестерді, алға қойған мақсаттар мен клиенттердің қанағаттануын орындау.

Менеджменттің интеграцияланған жүйесі мына қызметтердің қолданылу саласы болып табылады: авиациялық қауіпсіздік пен ұшу қауіпсіздігін, әуеайлақтық операцияларды, терминалдық операцияларды, жерде қызмет көрсетуді және қоймадағы жүктерді өңдеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер менеджменттің интеграцияланған жүйесінің қолдану саласы болып табылады.

«Халықаралық Алматы әуежайы» АҚ басшылығы дамудың мәлімделген қағидаттары мен негізгі бағыттарын ұстанады, персоналдың мақсаттарға қол жеткізу бойынша барлық бастамаларына қолдау көрсетеді және барлық мүдделі тараптармен тиімді ынтымақтастыққа үміттенеді.

Президент



Альп Эр Тунга Ерсой

« 17 » 10 2022